

## ТЕМІРҒАЛИ НҰРТАЗИН

Бізге университеттің үшінші курсы – 1960 жылдың күзінен бастап, қазақ совет әдебиетінен дәріс оқыды. Білімдар кісі екен. Байыпты, шешен тіл. Өз тұсымызда ұлы Мұхаңнан кейінгі ең тартымды сабақ болды. Коммунистік құрылымды мадақтаған, Сәкен Сейфуллинді дәріптеген артық сөзі жоқ. Әрине, рәсімнен ауа жайылмайды. Тек Сәбит Мұқановқа ықыласы айрықша. Сәбеңнің ешқандай күй талғамайтын жазу машығын, қазақы, қызық мінездерін айтып, күлдіріп алатын. Студенттермен де әзілдесуге бейім. Бірде, дәріс үстінде қатарлас отырған Бақыт Сейітжановпен әлденендей қызу әңгімеге кірісіп, ақыры мез болып отырған қызымыз Лина Алтынбекованың райын бағып, іркіліп тұрды. Содан соң: «Жігіттер, байқайсыңдар ма, – деп еді. – Осы біздің Лина университеттегі ең сұлу қыздардың бірі. Сендер ай далаға қарамай, алдымен осы Линаның көңілін табыңдар. Абалақтап жүріп, айрылып қалмаңдар...» – деп еді. Ерке Лина: «Қойыңызшы, ағай...» – деп қызара толқынып, сүзіле қарап еді. Темкең: «Әзіл емес, шыны сол», – деп, дәрісін одан әрі жалғастырып кетті. Екінші толқындағы қазақ оқығандарының бірі, 30-жылдар ортасында Ленинград Журналистика институтын бітірген, орысша, қазақша сөйлеу мен жазуға бірдей, танымы толық Нұртазин дәріс кезінде әр лепесін өлшеп айтатындай. Тек бірер рет қана сызулы шеңберден шығып кетіп еді. Ол кезде әлі ақталмаған, мен сырттай атын ғана естіген Үкілі Ыбырай туралы айтып қалды. Шеті шыққан соң, тоқтай алмаған сияқты. Еркін, бұлаң сері. Жындыбастығы да жетерлік. Бүгін мына ауылда «Айналайын сәбетім» – деп, совет өкіметін мадақтаған кейіпте жыр толғап отырса, ертең ана ауылға барғанда: «Атаңа нәлет Мекалай...» – деп, өткен заманды дәріптей бастайды. Ақыры, басын жойып тынды. Парықсыз емес еді, тек арлы-берлі шалқыған көңіл. Қандай да бейсауат сөзден тежелмейді. Бірақ тым тереңге бойламаса да, аумалы-төкпелі замана сырын байыптап, тауып айтатыны бар: «Томар су тасып, көл болды, – Нелер дария сарқылды, – Мыс орнына ұстап жүр, – Тот баспаған алтынды...» – деп...» Осыдан соң, төбеден ұрғандай, қалт тоқтап: «Иә, ол кезде әркімде әрқилы пікір болды ғой, өтпелі заманға тән табиғи құбылыс...» – деп, әңгімесін басқа тарапқа бұрып әкетті.

Кейін, атақты «Гәккудің» иесі Үкілі Ыбырай қайтадан қатарға қосылды, қаншама жылдан соң, мен манағы антисовет өлеңнің толық нұсқасын іздестіріп едім. Ілкіде, шеті көрінген шумақты түгендегем: «Айналайын, өкімет, – Бергеніңе шүкір ет, – Сотсиализм қамы деп, – Ақ бетіңе түкіред...» Осыған керісінше: «Атаңа нәлет Мекалай, – Жегізген наның бірталай, – Жүйрік пен жорға мінгіздің, – Жібек пен торқа кигіздің...» Ақын Кәкімбек Салықов та әлдебір үзіктерін біледі екен. Манағы, қапелімде Темкеңнен естіп, жадыма тұтқан шумақ, кейінгі жетім

тармақтармен қосқанда, әжептәуір толығып шықты. Сол қалпында «Жұлдызда» басылған. Кезінде Жәнібек Кәрменов бауырым менде толық нұсқасы бар деп айтқан сияқты еді. Қайыра пысықтауға болмай қалды. Ал Темкеңнің толық білуі күмәнсіз. Әрине, қағаз бетіне түсірмейді. Ақыры өзімен кетті. Және тағы қаншама жұрттың көңілінде.

Ұзақ ғұмырында үнемі қыл үстінде жүрген, бір заманда қатты кудаланған, сәтімен түпкілікті айдаудан тыс қалған профессор Темірғали Нұртазин айрықша абайшаң кісі екен. Өкімет пен партия, құдіретті КГБ ғана емес, күнделікті өмірдегі, адамдар арасындағы аз-маз қайшылық, әдепкі пікір таластың өзінен. Табиғи сақтықтың орынсыз үрейге ұласқан жағдайы. Жарлауыт құзардан алысырақ жүру ғана емес, өз басының тыныштығын ғана ойлаған аяншақтық. Студенттік жылдарда, атаулы дәрістері кезінде әсіре сақтығын аңдағанмен, бұл жағына бойламаппын. Маған қашанда оң көзқараста. Университет бітірерде «Ер Тарғын» және қазақ эпосы» тақырыбындағы дипломдық жұмысыма шағын ғана, бірақ салмақты пікір берген. Енді «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» деп аталатын диссертациялық монографиямды алдына тарттым. Ғылыми жетекшім Бейсенбай Кенжебаев – ұлы ұстазым Бейсекемнен соң. Қалған жұрт қатарлы. Исмайылов, Қабдолов, Сүйіншәлиев, Шалабаев... дегендей. Бұл қатарда Текеңнің орны бөлек сияқты. Ықыласы түзу, білімі зор, танымы кең. Оның үстіне, жыл басында осы диссертацияның аса мәнді «Шалкиіз жырау» деп аталатын бір тарауын арнайы ұсынып, жағымды пікірінен соң аспиранттар мен ізденушілердің дәстүрлі жинағына ұсынғам. Мейлінше риза болған. Енді арнайы телефон шалып едім, оқып біттім, келіп алып кет деді. Профессордың үйі солай ма, әлде Темкеңнің өзінің әдеті ме, жұмыс кабинеті ыбырсып жатыр екен, ретсіз жиналған, сөрелерден тыс қаланған қаншама кітап. Жазу столының үсті ашылған, шашылған тағы қаншама әдебиет, жазылған, сызылған қағаздар. “Жұмысың жақсы екен,— деді түптелген, энциклопедияның томындай үлкен, жуан диссертациямды қолыма салмақпен ұстатып.— Шал ақын... сөздері ірі... әлгі, аспаннан жұлдыз ағады деген өлеңі...” Мен есіне салдым: “Өлімнен құтылмассың қашсаңдағы,— Атадан арыстан туып, ассаңдағы,— Алладан шыныменен жарлық келсе,— Жұлдыз да жерге түсер аспандағы...” Темкең басын шайқады. “Иә,— деді болмашы күрсініп; көзін аз-маз сығырайтып, маған барлай қарады, молақ саусағымен қарымнан алды – есікке қарай жетелегені. Өзім де кеткелі тұрмын. Бірақ бірден жібермеді. “Ақсақалдың денсаулығы қалай? Болған адам-ау, кезінде...” Ақсақал деп тұрғаны – менің үлкен әкем Мағауия. Жыл басында, мен кафедра мүшелерін, факультет мұғалімдерінің біразын, жүзі таныс алыс-жақын әдебиетші қауымды түгел шақырып, салтанатты үйлену тойын өткізгенде Темкеңмен қатар отырған. Өткеннен өткен заманда аталары ханның хақ жарғысын әйгілеп, ту ұстаған, батыр болып жауға шауып, би болып жұрт баққан, өзі қазақтың талай қасқа, жайсаңымен бастас болған, Абайдың алтын жүзін көрген, Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулаттың кеңесін тыңдаған, Алаштың тағы қаншама азаматына өз дастарқанынан дәм

берген біздің шалға бүгінгі профессор мен министр деген не, тік отырып сыйласып, тең отырып сөйлескен. Қалжыңдап, сыр тартқан профессорды сыпайылықтан аспай, сөзден ұтқан тәрізді еді. Бұдан бұрын да бір рет сұраған, басын шайқап күлген. “Шүкір, аман, ата-жұртында отыр”, – дедім. “Жасы нешеде?” “Жетпіс алты”. “Жүзге келеді, – деді Темкең. – Ал, жарайды, хайыр...” Беделді, сенімді, әрі шешуші бір дауыс бар деген сеніммен қайттым.

Арада бір күн өтіп, екінші күні, қазақ әдебиеті кафедрасының толық отырысындағы талқылау рәсіміне Темкең келмеді. «Аяқ астынан сырқаттанып қалыпты», – деген Бейсекем атаулы мәжілісті ашарында. Күтпеген жағдай. Алдыңғы күні ғана сап-сау отырған кісі... Әйткенмен, қалған жұрт толық. Тіпті, көлденеңнен қосылған тағы бір профессор бар. Ғылым докторы, академик Мәлік Ғабдуллин.

Сонымен, менің кандидаттық монографиямды талқылау. Бейсекемнің жаңа жұмыс туралы ресми, қысқаша ақпарынан соң, мен де тым ұзаққа созбай, кіріспе толғамымды алға тарттым. Содан соң... опыртопыр басталып кеткен. Яғни, менің мына жұмысымның негізгі тұрғылары тайғақ, ал идеялық бағыт-бағдары жаңсақ екені туралы. Бұрнада, «Мен» роман-дилогиясының екінші тарамы «Қия жолдарда» бажайлап жазғам, осы естеліктер кітабында, әрқилы тұрғыда екі-үш рет қайталанды. Ұзын сөздің қысқасы – Зейнолла Қабдолов пен Ханғали Сүйіншәлиев бастап, менің жұмысымды біржола құлату жоспарын жасаған. Есмағамбет Исмайылов пен Белгібай Шалабаевтың келісімін алған, Сұлтанғали Садырбаев та мақұл, ал Кәрбанова дейтін аға оқытушы бұғып қалуға тиіс. Мен сияқты аспирант Рымғали Нұрғалиев те мәселенің жай-жапсарынан хабардар және теріс емес, іштей мақұлдап, үнсіз отыруға бейіл. Ал профессор Темірғали Нұртазин... Қабдолов пен Сүйіншәлиев тобынан жас аспирантты жабыла талау туралы ұсыныс түскенде... екі оттың ортасында қалыпты: ұжымды әріптестеріне қосылайын десе, ұсынылып отырған жұмыс ерекше, бары мен бағасын нақты пайымдап отыр, қарсы шығып, әділет жөнін айтса, анау кісілерге жақпай қалуы анық. Сондықтан «ауырып», ақырын үйде тосыпты. (Ал жан досым Рымғали Нұрғалиевке қарап тұрған ештеңе жоқ, ара түсе алмайды, әйткенмен, қатер үстіндегі досын сақтандырса керек еді, бірақ «аш пәледен қаш пәле» деп, жиынға мүлде қатыспауға бекінеді, әйткенмен, шыдай алмай, менің біржола жер болған қызығымды көрмек үшін, талқының соңына қарай келіп жетті.)

Алайда, бәрі басқаша шыққан. Мен мойығам жоқ, тайсалғам жоқ, бар қуатым бойымда, білігім артық, рухым жоғары, бір қадам шегінбек емеспін. Жасаған жұмысым – қазақ әдебиетінің тарихындағы өзгеше құбылыс, бастан-аяқ жаңалық. Оның үстіне, маған қорытынды, шын мәнісінде қарымта сөз жеткенше, мәселе күрт оңға бұрылған. Ойламаған көмек – көлденеңнен келіп қосылған Мәлік аға Ғабдуллиннің арқасында. Бейсекем екеуінің табанды, дәйекті қайратының нәтижесінде бұл талқы толығымен менің пайдама шешілді. Сырттай қарағанда. Ауызға айтарға. Шындығында, ортағасырлық жыраулардың жолы ашылар шешуші талқы

белгісіз уақытқа кері шегерілген... Арада бір жарым жыл өтсін. Ақыры қайыр болды. Ғылыми кеңестегі жасырын дауыс кезінде, ешкім қолынан ұстап тұрған жоқ, Темірғали Нұртазин де оңды дауысын берген.

Ғылыми дәрежеден соң көп ұзамай мен «Жазушы» баспасы, Алаштың қаһарман ұлы Илияс Есенберлиннің ғұзырына көштім. Орынбасар бас редактор. Көп ұзамай-ақ Темкең менің алдыма келіп еді. Көлемді сын жинағын ұсынған. Бір ғажабы, баяғы шешуші кезеңде мені жау бетінде қалдырған ақсақалға ешқандай ренішім жоқ екен. Енді қайтесің. Өмірден қаншама соққы жеген. Қалтырақ, зәрезеп. Міне, ақыр түбінде тыныш қойнаууда бейбіт, байсал тіршілік кешіп жатыр. Ай даладағы бір бала үшін отқа түсе алмайды ғой. Аналарға қосылып кетпегеніне тәуба. Қайткенде мен бұл кісінің көмегінсіз-ақ жеңіске жеттім. Енді алдымнан кең өріс ашылған... Әлде кешірдік, әлде мүсіркедік, анығы – жас та болса еңселі жағдайымызда кеңшілік жасадық, бұл да емес, байырғы әдебиет сыншысы, парасатты зерттеуші Темірғали Нұртазин өзінің үлкен, жаңа бір кітабын жарыққа шығаруға хақылы еді. Қолма-қол кезектегі тақырыптық жоспарға енді, бастан-аяқ өзім қадағаладым, Темкең жұмыс барысында екі-үш рет кіріп шыққан, ақыры жиырма баспа табақтан астам, «Шеберлік туралы ойлар» деген атпен, үлкен жинақ уақтылы жарыққа жетті.

Профессор Темірғали Нұртазин осы, тіршіліктегі ең соңғы және ең үлкен кітабынан кейін біршама жасапты. Ұлғайған шақтағы тынымсыз еңбек, тереңдей ізденіс үстінде өткен жылдар екен. Бұрнада көркем прозаға қол созған жағдайы бар. 1958 жылы «Мұрат» дейтін повесті жарияланып, тәп-тәуір бағаланған. Енді совет қайраткері, коммунист-балшабек Тұрар Рысқұлов туралы ғұмырбаяндық, деректі роман жазуға ниет етіпті. Өмірінің соңғы он жылдығында осы тақырыпты түбегейлі зерттейді. Ол кезде Т.Рысқұлов толық ақталып болмаған, әрі оның өмірі мен қоғамдық қызметі туралы жария деректер тым тапшы. Темірғали Нұртазин Алматы, Ташкент, Москва архивтерін мұқият тексеріп, Тұрар туралы қаншама жаңа мағлұмат, тың деректер табады.

Ақыры, мәшінкеде жеті жүз бетке тақау, отыз баспа табақ көлеміндегі деректі роман жазып бітіреді де, 1975 жылы «Жазушы» баспасына ұсынады. Бұл кезде Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш» романы қайыра басылып, жалпы жұртқа мағлұм болған. Бас кейіпкер – Тұрардың әкесі, кісі өлтіріп итжеккенге айдалған Рысқұл Жылқайдарұлы екені көпке белгілі. Ал Тұрар Рысқұловтың өз басына қатысты бар мағлұмат – қашан, қандай қызмет атқарғаны ғана. Алайда, бұл кісінің Алаш-Орда арыстары және басқа да қазақ зиялыларының үстінен Сталиннің атына екі мәрте донос түсіргені, кейініректе 1932–1933 жылғы ғаламат ашаршылыққа жол ашқан солшыл белсенділігі туралы құжаттар жабық жатыр. Есебі, бұл Рысқұлов – үлкен қайраткер, және қазақтан шыққан ірі тұлғалардың бірі. Темірғали Нұртазиннің деректі романы осы тұрғыдан жазылған еді. Жекелеген үзінділері ағымдағы баспасөзде бой көрсетті. Не керек, арада екі жыл өтпей, 1977 жылдың көкек айында Нұртазиннің өзі дүние салады. Енді «Жазушы» баспасында қозғалыссыз жатқан үлкен

қолжазба көп ұзамай-ақ, құпия жағдайда жоғалып кетіпті. Екі данасы бірдей. Мен 1984 жылы күзде баспаға келгенде, орны жоқ екен. Тапсырылғанын білем. Алайда, зым-зия. Темкеңнің артында қалған бәйбішесімен хабарластым. Бұрыннан білетін едім, кіресілі-шығасылы есі бар, не аңқау емес, не ақымақ емес, пәруайсыз бір жан. Қолжазбаның екі данасы баспаға тапсырылған, өткенде сұрастырып едім, жоғалып кетіпті, жөн-жобасын ешкім білмейді, деді. Әдетте, кез келген еңбек мәшіңкеге үш дана болып басылады. Баспаға – алғашқы екі данасы. Үшінші данасы үйде шығар, дедім. Ол да жоқ екен. Темкең дүниеден өткен соң бірер жыл мұғдарында бейтаныс студент, немесе аспирант, ізденуші қыз келген екен. Нұртазиннің Тұрар Рысқұловқа арналған романы жөнінде зерттеу жасамақ. Соған ұстатып қоя беріпті. Әуелгі, қаралай қолжазба нұсқалары қайда? Оны да алып кеткен, қаламгердің шығармашылық зертханасын пайымдап, нақты жазу үшін. Аты-жөні кім, қайдан келген? Білмейді. Міне, осындай керемет. Мен бұл кемпірден де, роман сұлбасынан да үмітімді үздім, әйткенмен, ең ақырғы талап. Баспаға түскен қолжазбалардың тіркеу кәртішкесі болады. Соны іздеттім. Оп-оңай табыла кеткені. Екінші данасын – Партия тарихы институтына ресми сараптамаға жіберген. Пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күні. Бірінші данасын... қарап шығам деп, осы баспаның бас редакторының орынбасары алып кеткен. Алған күні, қойылған қолы бар. Ежелден-ақ менімен жақсы қатынастағы, жайсаң жігіт еді. Белгілі ақын. Қолма-қол телефон соқтым. Шошып кетті. «Жоқ, алмадым, көрмедім» дейді. Міне, роман кәртішкесі менде тұр, сенің қолың қойылған, ұмытатын нәрсе емес, деймін. Дауысы шығып кетті. «Білмеймін, мені бұл іске шатыстырма, алғам жоқ, көргем жоқ», – деген, азар да безер болып. Айттым, дос-жар қатынастағы, жайдары, ақкөңіл жігіт еді. Ары қарай қинамадым. Сөз мәнісі, себеп, салдары мағлұм болды. Алған, біреуге апарып берген. Өз қалауымен емес, жоғарыдан, кем дегенде баспа директорынан түскен жарлық бойынша. Қанша қузасаң да елесін таппайсың. Ендігі үміт – Партия тарихы институтында. Директорымен «вертушка» арқылы сөйлестім. Осындай да осындай, сегіз жыл бұрын сіздерге тапсырылған, пәлен ай, пәлен күн, деймін. Өте бір кіді, күмәнді жағдаят. Мүлде бейхабар екен. Бұл – әуелгі ақпар, сізге ресми түрде қатынас жазылады, осы бүгін қолыңызға апарып береді, дедім. Атаулы сұрау дайын тұрған. Тойболды деген юрисіміз бар еді, менің машинама отырып, жарым сағат өтпей-ақ Партия тарихы институтының директорына табыстап қайтты. Арада үш күнге жетпеді. Бұл да ғажайып іс – қолжазба табылыпты. Осы зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, нақты есімін ұмыттым, сондай кісіге сол бағзы заманда арнайы рецензияға берілген екен. Ол кісі созбалап жүргенде, автор қайтыс болып кеткен, енді ешкім қайыра сұрамайды, ақыры, шкаф түбіне түседі. Қайткенде саналы азамат екен, отқа жақпаған, қоқысқа тастамаған. Және ең бір оңдысы – баспаға да қайтармаған. Мен институт директорымен екінші мәрте сөйлескенімде күтпеген хабарға алғыс айтып, тағы да сол Тойболды арқылы жуан теңді

қолжазбаны аман-есен қолға түсірдік. 1984 жылдың соңғы декадасы болса керек.

Бұдан кейінгі бар шаруа менің ырқыма көшкен. Осы екінші дана мәшінкеге қайыра басылды. Содан соң рәсім бойынша сыртқы рецензияға берілді. Бұл заманда менің Жазушылар одағындағы Проза кеңесінің төрағасы дейтін бейресми міндетім бар еді. Баспаға келерден бұрын атқарып жатқан. Шыққан шығармалардың талқысы, жаңа бір дүниелерді баспаға ұсыну. Тілге тиек, беріктік үшін осы Проза кеңесіне салып, толық мақұл таптық. Сонымен бірер жыл өтті. Ақыры, 1986 жылы жазғытұрым келесі 1987 жылдың тақырыптық жоспарына бекіген еді.

Осыдан бұрын, 85-жылдың бел ортасы, әлде аяғында, Нұртазин романының бір данасын «Жұлдыз» журналы, Бекежан Тілегеновтың қолына тапсырдым. Тұтасымен жарыққа шығар, дегем. Мұншама көлемді көтере алмайды екен. Онда Бірінші бөлімін. Мақұл көргендей болды. Тым көп ұзамай хабарлассам, басынан емес, төменгі бөлігінен үлкен бір үзікті таңдап алыпты. Реніш айтқан едім. Бұл – Тұрар өмірінің жазылмаған кезеңі. Ал қолжазбаның бастапқы жарымы – Шерханның айна-қатесіз дублі болып шығады. Әп-бәлем, енді кейінгісін жазып көрсін! – деген. Мен таң қалып күлдім. Оп-оңай айналып өте салады, Беке, үлкен қате жасадың, дедім. Сөз мәнісі – 1980 жылдан бастап, Тұрар Рысқұловтың ғұмыр жолына арналған «Қызыл жебе» дейтін романның алғашқы кітаптары жарыққа шыға бастаған. Әуелде орта көлемді екі кітап – бір томдық шамасында. Содан соң жақында ғана үшінші кітап – келесі жарым том. Бұл кезде Мұртазаев «Қазақ әдебиетінде». Бекежан екеуі кермар. Және қашанда соқтығып, кекетіп, іліп-шалып отыратын – Шерхан. (Кейін, 1988 жылдың июль айында мен «Жұлдызға» келгенде, осы мінезін маған да көрсете бастап еді, қолма-қол орнына қойып бердім.) Міне, Бекежанның қарсыласын мұқатқан сиқы. Алдын тоспақ. Оп-оңай аттап өтті де кетті. Соңынан түре түссе, бәрі басқаша шығар еді. Хош. Сонымен, Темірғали Нұртазиннің Тұрар Рысқұлов туралы романы «Жазушы» баспасында өз кезегін күтіп тұр...

Өмірде, бақытсыз демейін, жолсыз адамдар болады. Оң ісінің өзі теріске саяды, аяндап өтетін, тегіс жерде көлденең бөгесін табылып, орға жығылады, қисынды шаруасының өзінің қиюы қашады. Темірғали Нұртазин марқұмның өмірлік үлкен еңбегінің кейінгі тағдыры дәп осындай болды. 1986 жылдың желтоқсанында мен баспадан кеттім. Бұдан соң атаулы қолжазба келесі жылға ысырылыпты. Одан соң арғы – 1989 жылға. Әлдебір себеппен, бәлкім, дау-дамай туып кетер деген қауіппен, біржола мансұқ етілмеген. Анығы – бұл кезде баспа басшылығы өзгерді. Ақыры, өндіріс графигіне түсіп, әлдебір іждағатты редактордың міндетіне тапсырылды. Қарай бастаған. Мына жері – Шерхан Мұртазаевты қайталайды екен. Ана жерде нақпа-нақ үйлестік бар. Енді бір тұсында сюжеттік даму, кейіпкер тұлғалау мүлде ұқсап кетіпті. Не керек, осындай ортақ тармақ, қатарлас беттер түгелдей алынып қалады. Басқадай қысқартулар өз алдына. Ақыры, «Тұрардың анты» деген атпен, осы 1989 жылы жарыққа жетті.

Алайда, бұл да ақыры емес. Мен баспадан кетуге қам жасаған соңғы бір айда Нұртазин романының қолжазбасын бастан-аяқ көшіртіп алған едім. Төрт-бес мәшіңкеге бөліп беріп, айналасы үш-төрт күнде. Алып кеттім. Осы әуелгі, неше бөлек қалпында, беттері қайтадан нөмірленбеген күйі жаңа бір қоймаға түсті. Өзім «Жұлдызда» берік отырған жылдарда қайыра, толығымен бастырып шығаруға мүмкіндік мол еді, алайда... қасақана дұшпандық танылмақ. Онсыз да бар тарапта дау-дамайымыз көп, тартынып қалып едім. Қазір Алматыда, менің ескілікті қолжазбалар қоймамда жатыр. Ерте ме, кеш пе, әлде архивке, әлде баспаға тапсыруым мүмкін. Немесе, басқаша бір жария. Әйткенмен, ендігі заманда әлдекімге көлеңке түсіреді демесек, ешқандай қызығы жоқ. Зая кеткен еңбек. Бас кейіпкер, ұнамды кейіпкер, тарихи тұлға Тұрар Рысқұлов шын мәнісінде ондай тәуір кісі болмағаны әшкереге шығып қойды. Әр нәрсенің өз уақыты бар екен.

Әйтсе де обал. Соншама тозақы еңбек. Орта жолдан «дайын асқа тік қасық», өкіметке жақын, желдің оңын ғана бағатын, рулық санадан аспаған, ұлттық санаға жетпеген, есесіне атақ шығарудың арзан тәсілдерін шебер игерген заманауи шолақ белсендінің нәпақасы болды. Егер біз ешқандай саяси астар бермей, Тұрар Рысқұловты тек қана советтік, партиялық қайраткер деп қарасак, – тіпті, Гитлер мен Сталин туралы да кітаптар жазылып жатыр ғой, – Темірғали Нұртазин романы осындай тұлғаның тек күнге жағын ғана алып сыпаттаған, кезеңдік мәні бар елеулі еңбек деп бағалануға тиіс. Бұл Тұрар Рысқұловтың қазақ жерін қайта құрау дәуіріндегі кертартпа, зиянкес әрекеті, Алаш арыстарының үстінен бір емес, екі қайыра, Сталиннің өз қолына тапсырылған жойымпаз, жалақор арыздары, кейінгі, колхоздастыру науқанындағы асыра белсенділік, яғни ақыр түбі қазақ голодоморына кеңінен жол ашқан ғаламат қылмысы – өз алдына жеке тауарих. Темірғали Нұртазин атаулы романында қамти алмаған, бірақ қазақ тарихы үшін айрықша қаралы беттер болып табылатын ерекше құбылыстар есебінде арнайы қарастырар едік. Қайткенде, алмағайып замандағы қазақ қайраткерінің қиялдағы ұнасымды бейнесін жасауға ниет еткен Темірғали Нұртазиннің зәредей кінәсі жоқ. Керісінше, бұл Тұрарды тарихи Рысқұлов емес, мүлде басқа, дерексіз, әдеби кейіпкер ретінде қарастырсақ, біздің айтпағымыз түсінікті болуға тиіс.

Силвер Спринг, Мэриленд, АҚШ,  
26.XI.2018.